

егемен

Азатстан

Қалам қайраты қарымды

Талабы мен талантын, қарымы мен қабілетін, ізденісі мен ісіне адалдығын телқоңырдай жарыстыра ұстап келе жатқан «Егемен Қазақстан» газетінің Қытай еліндегі тілшісі Дәурен Омаровтың жақында ғана «Жаһанға жайылған жұрт» атты кітабы жарық көрді. «Дарын» сыйлығының иегері, Қытай Ғылым және технология университетінің түлегі, сол оқу орнының магистратурасын бітірген жас азаматтың жаңа жинағын парақтап отырғанда ойға суреткер Оралхан Бөкей оралды. Себебі, оның көркем туындыларының біразының бастау басында очерктері тұратын еді.

Оның бір мысалы, «Құм мінезі» очеркі кейін осы аттас ойлы повестке айналған болатын. Егер сол үрдіс Дәурен шығармашылығында да жаңғырып, жалғасып жатса құба-құп. Оны қаламгердің еншісіне қалдырып жаңа жинақ туралы ой сабақтап көрелік. Бұған дейін де екі кітап шығарған автордың бұл жолғы кітабы да тартымды оқылады. Иірімді ойлары ұшқыр. Ұшқыр ойды қағаз бетіне түсіргенде шым кестедей келістіріп жібереді. Тақырыпты тауып қойып, оны қасандыққа ұрындырмай, еркін толғайды. Көрші елдің өткені мен бүгінінен мол хабар бере отырып, үйренетін үрдістерді алдыға тартады. Дидары күліп тұратын жұрттың, қатпары көп халықтың тірлік тынысынан небір тағылымдарды тарата айтқанда, «Шіркін, мұндай жақсы қасиеттер өз ұлтымызда да бар ғой. Соны кейде көре алмайтынымыз қалай?» деген сұрақ көкейінді кернейді.

Әр очеркте не қамтылатынын алғашқы бетте бір сөйлеммен беріп отыру да әдемі табылған тәсіл дер едік. Мысалы, «Сырлары көп саябақта» – тарихи демалыс орындарының сипатын келістіре суреттейді. Ұзын сонар баяндамай, шағын тақырыптар аясында ой өрбітіп, әлемдік саябақтардан дәйектер келтіріп, өзі он жылдан бері тұрып жатқан мемлекеттің осы істердегі ілкімді жетістіктерін көркем етіп көз алдыға әкеледі. Ал «Халыққа қажет қағидаттар» атты жазбадан үйренер үлгі аз емес екен. Ел тарихын, ұлттық әдет-ғұрпын білу мәселесін тереңнен қозғап, айталық: қадір тұтуға тиіс – төрт киім үлгісін, бес түсті (көк, сары, қызыл, ақ, қара), бес көл атауын, төрт ерекше саябақты, төрт қасиетті ғибадатхананы, төрт қаланы, төрт тас үңгірді, төрт академияны, бес асыл істі – осылай жалғастыра келіп, мұны білу арқылы ұлтынды танысың, өткенінен мағлұмат алып, бүгінмен ұштастырасың, сөйтіп, бай мұра қалдырған халқыңды қадірлейсің деп ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан қағиданы тарау-тарау етіп таратады. Ұлт құндылығын бұлай қастерлеу кімнің де болса санасына сәуле түсірер деген ниеттеміз.

Біздің бабаларымыз да «Жеті атасын білмеген – жетесіз» дегенді баяғыда-ақ айтып қойған. Жалпы, ұлттың ата-салтына болаттай берік болған халық сырттан келген қандай қасіретті де серпіп тастап отырады. Қытай халқының қазір әлемді өзіне қаратуының астарында сол ұлттың жақсылығын жадынан шығармауы да жатса керек. «Қатпары қалың Қытай» деген очеркте заман өзгеріп, қоғам алмасып жатса да, ханзу жұртының ешкімге ұқсамай, ұлттық қалыбын сақтап келе жатқанын тағы да тың мысалдармен береді. Бұл

автордың өз қандастарына ой тастау үшін тербеген темір қанат арман тілегі деп білдік. Еліктеп, солықтағандардың сору бес елі екенін осы кітапты оқып отырғанда жетемізге жеткендей болды. Дүниені «жаулап» алған Қытай өнімдері туралы баяндайтын «Made in China» мен «Бір партия – бір арман» атты очерктерінде – ол елдің өткені мен қазіргі даму жолын қысқа да нұсқа мол деректермен берген. Елін ұшпаққа шығарған ұлт көсемдерінің де сөздерін кей тұста дәйекке алып отырады.

Ал бір замандары үстем күштердің тепкісінен қақ жарылып қалған қазақ жұртының сол жақтағы диаспорасы туралы сан тарау тақырыптағы мақалалар да миллиард ішіндегі миллиондардың қажыр-қайраты, тілі мен дінін, салт-дәстүрді сақтау жолындағы жанкешті талпыныстарын таныстырады. Рухы мықты ардақты жандардың еңбек жолын, ұрпақ өсірудегі үлгісін, бір-біріне қарайласудағы бауырмалдығын жеткізеді. Өзіміз әлі күнге шөре-шөрелеп жүрген шұбатты дәрінің орнына дәрумен етіп пайдаланған азаматтардың ұмтылысы таңдандырмай қоймайды. «Шұбат – деген ғажап сусын. Шынымен бір сиқыры бар секілді. Шұбат ішкен адамның денсаулығы айлап, жылдап емес, күн сайын жақсарады. Оған өзімнің көзім жетті», – деп сайрай жөнелді Заң Чжоу әжей. Бұл әжейіміз сол шұбаттың арқасында 80-ге келсе де, секіріп жүрген көрінеді. Міне, қазақтың ұлттық тағамының құдіреті қандай? Бір сөзбен айтқанда, әдемі безендірілген, беташар сөзін белгілі журналист Нұртөре Жүсіп жазған кітаптың ішіндегі дүниелерден іргелес елдің бітім-болмысын, ұлт болып қалыптасудағы қағидасын танып-білесің. Олардың қатарында жүрген, атажұртына арқа сүйеген қандастардың да өміріне қанығасың. Жиырманы еңсеріп, отызға бет алған Дәурен Омаровтың дәуір сөзін айтқан кітабының желісіндегі әдемі талдауларға, берік байламдарға, сөйлем құрудағы өзіндік тәсілдерге қарап отырып, алдағы көтерілер белесі бекем екеніне, қалам қайраты ақберендей шыңдала келе бекітініне сенгенімізді айту парыз деп ойлаймыз.



Сүлеймен МӘМЕТ, «Егемен Қазақстан».